

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы қазандағы Венгрия мен Чехияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 1683

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы қазандағы Венгрия мен Чехияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және осы мемлекеттермен ынтымақтастықты одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы қазандағы Венгрия мен Чехияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік

комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылда кемінде бір рет хабарлама жасасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 30 желтоқсандағы  
N 1683 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы қазандағы Венгрия мен Чехияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар

**ЖОСПАРЫ**

N   р/с	Шаралар	Орындалуға  жауаптылар
1	2	3

Венгр Республикасы бойынша

- |   |   |
|---|---|
| <p>1 Қазақстан Республикасы мен Венгр Республикасы Үкіметтері арасындағы жолаушыларды және жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы келісімге сәйкес Венгр Республикасымен ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындау</p>   | <p>Көліккоммині,<br/>Сыртқыісмині</p>   |
| <p>Осы келісімнің күшіне енуін растайтын қажетті рәсімдерді орындау жөнінде шаралар қабылдау</p>  |   |
| <p>2 Қазақстан Республикасы мен Венгр Республикасы Үкіметтері арасындағы дипломатиялық және қызметтік төлқұжаттары бар азаматтардың өзара визасыз сапарларының тәртібі туралы келісімінің орындалуын қамтамасыз ету.<br/>Мүдделі ведомстволарды қол қойылған Келісімнің мазмұны туралы хабарландыру</p>           | <p>Сыртқыісмині</p>   |
| <p>3 Қазақстан Республикасы мен Венгр Республикасы Үкіметтері арасындағы ұйымдасқан қылмысқа және есірткі заттардың заңсыз айналымына және психотропты заттарға, терроризм мен басқа да қауіпті қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді орындау жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу</p> | <p>Ішкіісмині, МТК<br/>(келісімі бойынша),<br/>ҰҚК (келісім бойынша),<br/>Кеденкомы,<br/>Мемшекарақүзеті<br/>жөніндегі мемкомы<br/>Сыртқыісмині</p> |

Осы келісімнің күшіне енуін растайтын

қажетті рәсімдерді орындау жөнінде шаралар қабылдау

- 4 Қазақстан Республикасы мен Венгр Республикасы Үкіметтері арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлеу және қажетті шаралар қабылдау Мәдениетмині, Біліммині, Ғылыммині-Ғылым академиясы, Жастурспортмині
- 5 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Венгр Республикасының Жер өңдеу министрлігі арасындағы ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді орындауды қамтамасыз ету Ауылшармині
- 6 Венгр сарапшыларының қатысуымен Венгр Республикасының нарық реформаларын жүргізудегі тәжірибесі атты конференциямен бірлестіріп Алматы қаласында сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі казакстан-венгр үкіметаралық комиссияның мәжілісін өткізу Көліккоммині, Экономмині, Қаржымині, Өнеркәсіпсаудамині
- 7 "Бабольна" акционерлік қоғамы өкілдерінің ауылшаруашылығы дақылдарын өндірудегі венгр технологиясын енгізу мәселелерін қарау үшін Қазақстанға сапарының мүмкіндігін қарау Ауылшармині
- 8 Бар уағдаластықтарға сәйкес Ямбург келісімі шеңберіндегі берешектерді өтеу жөнінде ұсыныс әзірлеу Мұнайгазмині
- 9 "Серенчятек" АҚ-ның лотереялық ойындарды ұйымдастыру жөніндегі ұсынысын қарау, жобаны тендер негізінде жүзеге асыру жөнінде шаралар қабылдау Қаржымині

10 Мүдделі ұйымдардың қатысуымен Қазақстан-венгр сауда-экономикалық орталығымен бірлесіп Алматы қаласында венгр және қазақстан өндірген тауарлар көрмесін өткізу туралы ұсынысты пысықтау және енгізу

Өнеркәсіпсаудамині  
Сауда-өнеркәсіп  
палатасы  
"Атакент" АҚ

Чех Республикасы бойынша

11 Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы инвестицияны көтермелеу және бірлесіп қорғау келісімін бекітуге әзірлеу

Инвестициялар жөніндегі мемкомы,  
Сыртқыісмині

12 Орал вагон жөндеу зауытының базасында теміржол цистерналарын шығару бірлескен кәсіпорынды ұйымдастыру ұсыныс енгізу

Инвестициялар жөніндегі мемкомы,  
Көліккоммині

13 Қазақстанды чех өндірісінің тасымалдау электровоздарымен, автобустармен және басқа көлік құралдарымен жабдықтау мүмкіндігін қарау

Көліккоммині,  
Өнеркәсіпсаудамині,  
Қазақстан  
Эксимбанкі

14 Қазақстан мен Чехияның тау-кен және металлургия өнеркәсібіне агроөнеркәсіп кешеніне арналған жабдықтарды өндірудегі және құрылыс материалдарын шығарудағы ынтымақтастығын кеңейту жөнінде ұсыныс енгізу

Өнеркәсіпсаудамині,  
Ауылшармині,  
Құрылысмині

15 Бар уағдаластықтарға сәйкес Ямбург келісімі шеңберіндегі берешекті өтеу жөнінде ұсыныс әзірлеу

Мұнайгазмині

16 Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.Қажыгелдин мен "Шкода" АҚ-ның басқарма бастығы және бас директоры Л.Соудектің

Көліккоммині,  
Экономмині,  
Сыртқы пайдалану

1996 жылғы 9 қазанда Пльзень қаласында жөніндегі комитет,  
(Чехия) қол қойған келіссөз Хаттамасын Өнеркәсіпсаудамині,  
жүзеге асыру жөнінде тиісті шаралар Меммүліккомы  
қабылдау

Орындалу мерзімі	Бақылауға жауаптылар
4	5
1997 жылғы желтоқсан	Кәсіпорындарды реформалау бөлімі, Сыртқы байланыстар және хаттама бөлім
тұрақты	Сыртқы байланыстар және хаттама бөлім
1997 жылғы I тоқсаны	Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімі, Сыртқы байланыстар және хаттама бөлімі
-"-	Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі
тұрақты	Аграрлық сектордағы реформалар бөлімі
1997 жылдың II тоқсаны	Сыртқы байланыстар және хаттама бөлімі, Үкімет шешімдерін әзірлеу жөніндегі бөлім
1997 жылдың I тоқсаны	Аграрлық сектордағы реформалар бөлімі
1997 жылғы қаңтар	Кәсіпорындарды реформалау бөлімі
1997 жылдың I тоқсаны	Қаржы және әлеуметтік реформалар бөлімі, Сыртқы байланыстар және хаттама бөлімі
-"-	

1997 жылдың I тоқсаны      Сыртқы байланыстар және хаттама  
бөлім

Кәсіпорындарды реформалау бөлімі

1997 жылдың қаңтарына      Бұл да сол  
дейін

-"-                              Кәсіпорындарды реформалау бөлімі,  
Аграрлық сектордағы реформалау  
бөлімі

1997 жылғы қаңтар              Кәсіпорындарды реформалау бөлімі

1997 жылдың I тоқсаны      Кәсіпорындарды реформалау бөлімі